

ҚАЗАҚСТАН
ТӨУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



БІЛІМ: ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ 30 ЖЫЛЫ





**«Әлия» бөбекжай-балабақшасы МКҚК меңгерушісі –
ДОСМҰРАТОВА Күлаш Абжалиқызы**

Туған жылы - 29.01.1962 жыл Білімі – жоғары, мамандығы – Мектепке дейінгі педагогика және психология мұғалімі. Әдіскер.

Бітірген оқу орны Талдықорған педагогикалық институты, 1990ж.

Еңбек өтілі – 40 жыл.

Санаты – жоғары.

Күлаш Абжалиқызы көп жылдан бері тынымсыз еңбек етіп, бойындағы еңбекке адал, мақсатқа берік кәсіби шеберлікпен, жоғары біліктілігімен таныла білген тәжірибелі де іскер меңгеруші. Еңбек еткен 40 жылда талай жетістіктерге жетіп, Республикалық, балабақшалық, қалалық сайыстарға каты-

сып, балабақшаның абыройын көтеріп жүрген ізденімпаз ұстаз.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары мен марапаттары:

2016 жылы Облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен, ҚР Білім және ғылым министрінің Алғыс хатымен, «Өрлеу» БАҰО АҚФ ОҚО бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының Алғыс хатымен марапатталды.

2017-2018 жж. ОҚО әкімі Ж.Түймебаевтың Алғыс хаты, Қалалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ комитетінің Алғыс хаты, ОҚО ардагерлер кеңесінің ұсынысымен ҚР Білім саласына сіңірген еңбегі және басшылық міндетін жоғары дәрежеде атқарғаны үшін Қазақстанның педагогикалық академиясы арнайы құрылған комиссиясының «I дәрежелі Білікті басшы» төсбелгісімен, Қазақстанның педагогикалық академиясы президенті Ж.Төлебайдың сертификаты берілді.

2018 жылы «Сықырлы әлем» республикалық балалар журналы редакциясының «Үздік балабақша меңгерушісі» төсбелгісі мен Бас редактор С.Рахманқұлованың Алғыс хатымен марапатталды.

2019 жылы «NUR OTAN» партиясы Түркістан облыстық филиалының Алғыс хатымен марапатталып, USTAZ tilegi Республикалық ұстаздар сайтының сертификаты мен Алғыс хатын алды.



2020 жылы «Нұр Отан» партиясы Кентау қалалық филиалының Алғыс хаты және ҚР Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасын иеленді.

2020 «Ы.Алтынсарин» медалімен марапатталып, Ұстаздар мерекесіне орай мұғалімдердің «Данқ галереясы» тактасына суреті ілінді.

**«ӘЛИЯ» бөбекжай – балабақшасының тәрбиешісі,
бастауыш кәсіподақ комитетінің төрағасы
НҰРПЕЙІСОВА Мадина Рахымбердіқызы**

*Мадина Нұрпейісова 26.08.1975 жылы ОҚО, Кентау қаласында дүниеге келген
Білімі – жоғары. Еңбек өтілі – 30 жыл*

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ – 30 ЖЫЛ

Жетістіктері мен марапаттары:

2008 жылы қалалық білім беру бөлімі, қалалық білім беру қызметкерлері кәсіподақ комитетінің Мақтау қағазымен марапатталды.

2010 жылы қалалық «Балабақша бақыт мекені» атты өткізілген семинарда Өзін - өзі тану пәні және отбасы мен балабақша байланысы тақырыбындағы өз баяндамасын жарыққа шығарды. 2011 жылы келешек ұрпақты тәрбиелеп, оқытудағы үлкен жетістіктері үшін, қалалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ комитетінің Мақтау қағазымен, 2013 жылы «Нұр Отан» ХДП Кентау филиалының Алғыс хатымен марапатталды. 2019 жылы Мұғалімдер мерекесінің қарсаңында қалалық білім беру бөлімінің **Алғысы** еңбек кітапшасына енгізілді. 2020 жылы Білім айнасы (қазан) «Нұр-Сұлтан» республикалық ғылыми-танымдық газетіне мақаласы жарияланып, газеттің бас редакторы Қ.Қатшабаевтың Мақтау қағазымен марапатталды. 2020 жылы Ұстаздар мерекесіне орай «**Мұғалімдердердің даңқ галереясы**» тақтасына суреті ілінді.

